

Күршім ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2025 жылғы 13 мамырдағы № 38/3-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Күршім ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім аудандық мәслихатының төрағасы

К. Бахтияров

Күршім аудандық мәслихатының
2025 жылғы 13 мамырдағы
№ 38/3-VIII шешіміне
қосымша

Күршім ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық норма (1 есептік бірлікке)
1	Абаттандырылған үйлер иелігі	1 тұрғын	1,68
	Абаттандырылмаған үйлер иелігі		1,72
2	Жатақханалар, интернаттар, және басқа да осындай объектілер	1 орын	0,96
3	Қонақүйлер, демалыс үйлері	1 орын	0,73
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,54
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,32
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0082

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,02
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,21
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңілкөтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,71
10	Концерт залдары, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,3
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,04
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
14	Азық-түлік, өнер кәсіптік тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,52
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,28
16	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,05
17	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м2	0,46
18	Автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м2	0,34
19	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	жалпы алаңы 1 м2	1,28
20	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,32
21	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,55
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,86
23	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
24	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,02
25	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу		0,64

	орындары, тігін ательелері	жалпы алаңы 1 м2	
26	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,15
27	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,22
28	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,41
29	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,48
30	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК